18.1. Жиынтығында қоғамның акцияларының елу және одан да көп пайызына иелік ететін, акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізіміне енгізілген акционерлер немесе олардың өкілдері жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталған мезетте тіркелген болса, акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелерді қарастыруға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

18.2. Өткізілмей қалған акционерлердің жалпы жиналысының орнына қайтадан өткізілетін жиналыс мынадай жағдайларда күн тәртібіндегі мәселелерді қарастыруға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы:

18.2.1. егер кворум болмауы себептен өткізілмей қалған акционерлердің жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталған болса;

18.2.2. егер сырттай дауыс беруші акционерлерді қоса алғанда, жиынтығында қоғам акцияларының қырық және одан да көп пайызына иелік ететін акционерлері (немесе олардың өкілдері) оған қатысушыларды тіркеу аяқталған мезетте тіркелген болса.

18.3. Акционерлерге сырттай дауыс беруге арналған бюллетендер жіберілген жағдайда, көрсетілген бюллетендер арқылы берілген және жалпы жиналысқа қатысушыларды тіркеген мезетте қоғамға келіп түскен дауыстар кворумды анықтау және дауыс беру қорытындысын шығару кезінде есепке алынады.

18.4. Акционерлердің жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізу кезінде кворум болмаса, акционерлердің жалпы жиналысы қайтадан өткізілмейді.

19. ЕСЕП КОМИССИЯСЫ

19.1. Есеп комиссиясы акционерлерінің саны жүз және одан да көп қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында сайланады.

19.2. Акционерлерінің саны жүзден кем қоғамда есеп комиссиясының қызметін акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы жүзеге асырады. Акционерлердің бірінші жалпы жиналысында есеп комиссиясының қызметін қоғамның тіркеушісі жүзеге асырады.

19.3. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша есеп комиссиясының қызметі қоғамның тіркеушісіне жүктелуі мүмкін.

19.4. Есеп комиссиясы үштен кем емес адамнан тұруы тиіс. Есеп комиссиясына қоғамның алқалы органдарының мүшелері, сондай-ақ қоғамның атқарушы органының қызметін жеке өзі жүзеге асыратын тұлғалар кіре алмайды.

19.5. Есеп комиссиясының мүшесі болмаған жағдайда акционерлердің жалпы жиналысын өткізу барысында жиналысты өткізу уақытына есеп комиссиясының мүшесін қосымша сайлауға рұқсат етіледі.

19.6. Есеп комиссиясы:

19.6.1. акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға келген адамдардың өкілеттігін тексереді;

19.6.2. акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркейді және оларға акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар береді;

19.6.3. сырттай дауыс беру үшін келіп түскен бюллетендердің жарамдылығын анықтайды және жарамды бюллетендердің саны мен күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша оларда көрсетілген дауысты есептеп шығарады;

19.6.4. жиналыс өткізілген барлық уақытты қоса алғанда, акционерлердің жалпы жиналысының кворумы болуын анықтайды және кворумның бар немесе жоқ екендігі туралы жариялайды;

19.6.5. акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің құқықтарын іске асыру мәселелерін түсіндіреді;

19.6.6. акционерлердің жалпы жиналысында қарастырылған мәселелер бойынша берілген дауыстарды есептеп шығарады және дауыс беру қорытындысын шығарады;

19.6.7. акционерлердің жалпы жиналысындағы дауыс беру қорытындысы жөнінде хаттама құрастырады;

- 19.6.8. дауыс беруге арналған бюллетендер мен дауыс беру қорытындысы жөніндегі хаттаманы қоғамның мұрағатына тапсырады.
- 19.7. Есеп комиссиясы акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге арналған, толтырылған бюллетендердегі ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етеді.
20. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ
- 20.1. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі Заңға, осы Жарғыға және қоғамның ішкі қызметін реттейтін өзге де құжаттарға не акционерлердің жалпы жиналысының тікелей шешіміне сәйкес анықталады.
- 20.2. Акционерлердің жалпы жиналысын ашқанға дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге оның өкілдігін растайтын сенімхатты көрсетуі тиіс.
- 20.3. Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды анықтаған кезде есепке алынбайды және оның дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.
- 20.4. Артықшылықты акциялардың меншік иесі болып табылатын қоғамның акционері жүздесу тәртібімен өткізілетін акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және олар қарастыратын мәселелерді талқылауға қатысуға құқылы.
- 20.5. Қоғамның жарғысында немесе жүздесу тәртібімен өткізілетін акционерлердің жалпы жиналысының шешімінде өзгеше белгіленбеген болса, оған басқа адамдар шақырусыз қатыса алады. Мұндай адамдардың акционерлердің жалпы жиналысында сөз сөйлеу құқығы қоғамның жарғысы немесе акционерлердің жалпы жиналысының шешімі арқылы белгіленеді.
- 20.6. Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған жағдайда, жарияланған уақытта ашылады.
- 20.7. Барлық акционерлер (олардың өкілдері) әлдеқашан тіркелген, ескертілген және жиналысты ашу уақытын өзгертуге қарсы емес жағдайды қоспағанда, акционерлердің жалпы жиналысы жарияланған уақыттан бұрын ашылуы мүмкін емес.
- 20.8. Акционерлердің жалпы жиналысында жалпы жиналыстың төрағасы (төралқасы) мен хатшысын сайлау жүргізіледі.
- 20.9. Акционерлердің жалпы жиналысы дауыс беру нысанын – ашық немесе құпия (бюллетендер бойынша) дауыс беруді анықтайды. Егер қоғамның жарғысында өзгеше көрсетілмеген болса, акционерлердің жалпы жиналысының төрағасын (төралқасын) және хатшысын сайлау жөніндегі мәселе бойынша дауыс беру кезінде әрбір акционер бір дауыс бере алады, ал шешім жиналысқа қатысушылар санының әдеттегі көпшілігі арқылы қабылданады.
- 20.10. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу барысында оның төрағасы қарастырылып жатқан мәселе бойынша пікірталасты тоқтату, сондай-ақ сол мәселе бойынша дауыс беру тәсілін өзгерту жөнінде ұсынысты дауыс беруге ұсынуға құқылы.
- 20.11. Сөйленген сөздер акционерлердің жалпы жиналысының регламентін бұзуға әкеп соғатын немесе аталмыш мәселе бойынша пікірталас тоқтаған жағдайды қоспағанда, төраға күн тәртібіндегі мәселені талқылауға қатысуға құқығы бар адамдардың сөз сөйлеуіне кедергі болуға құқысыз.
- 20.12. Акционерлердің жалпы жиналысы акционерлер жиналысының күн тәртібіндегі жеке мәселелерді келесі күнге қалдыру жөнінде шешім қабылдауды қоса алғанда, өз жұмысында үзіліс жасау және жұмыс уақытын ұзарту туралы шешім қабылдауға құқылы.
- 20.13. Күн тәртібіндегі барлық мәселелер қарастырылып, олар бойынша шешім қабылданған соң ғана акционерлердің жалпы жиналысы жабық деп жариялануы мүмкін.
- 20.14. Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында көрсетілген мәліметтің толықтығы мен растығы үшін жауапты.
21. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНДА СЫРТТАЙ ДАУЫС БЕРУ АРҚЫЛЫ ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАУ

- 21.1. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беруді жүргізу арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлердің дауыс беруімен бірге (аралас дауыс беру) не акционерлердің жалпы жиналысын өткізбей қолданылуы мүмкін.
- 21.2. Сырттай дауыс беруді жүргізген кезде дауыс беруге арналған бірыңғай нысандағы бюллетендер акционерлер тізіміне енгізілген тұлғаларға жіберіледі (үлестіріп беріледі).
- 21.3. Акционерлердің жалпы жиналысындағы дауыс беру нәтижесіне ықпал ету мақсатымен жеке акционерлерге дауыс беруге арналған бюллетендерді іріктеп жіберуге қоғамның құқығы жоқ.
- 21.4. Дауыс беруге арналған бюллетень акционерлер тізіміне енгізілген адамдарға акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күнге қырық бес күннен кеш емес уақыт қалғанда жіберілуі тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізбей сырттай дауыс беретін кезде, акционерлерінің саны бес жүз және одан да көп қоғам бұқаралық ақпарат құралдарында акционерлердің жалпы жиналысында сырттай дауыс беруге арналған бюллетенді акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетіні жөніндегі хабарламамен коса жариялауға міндетті.
- 21.5. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетенде мыналар болуы тиіс:
- 21.5.1. қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
 - 21.5.2. жиналысты шақыруды бастаушы жөніндегі мәлімет;
 - 21.5.3. сырттай дауыс беру үшін бюллетендерді ұсынудың ақырғы күні;
 - 21.5.4. акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күн не акционерлердің жалпы жиналысын өткізбей сырттай дауыс беру үшін дауыстарды есептеп шығаратын күн;
 - 21.5.5. акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
 - 21.5.6. егер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер бар болса, онда сайлауға ұсынылып отырған кандидаттардың аттары;
 - 21.5.7. дауыс берілетін мәселелердің тұжырымдамасы;
 - 21.5.8. «қолдайды», «қарсы», «қалыс қалады» деген сөздермен көрсетілген, акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру нұсқалары;
 - 21.5.9. күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру (бюллетенді толтыру) тәртібін түсіндіру.
- 21.6. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетенге акционердің-жеке тұлғаның қолы қойылған және бұл адамның жеке тұлғасын куәландыратын құжат туралы мәлімет көрсетілген болуы тиіс.
- 21.7. Акционердің-занды тұлғаның сырттай дауыс беруіне арналған бюллетенге оның басшысы қол қойған және ол заңды тұлғаның мөрімен расталған болуы тиіс.
- 21.8. Акционер-жеке тұлға не акционердің-занды тұлғаның басшысы қол қоймаған, сондай-ақ заңды тұлғаның мөрі қойылмаған бюллетень жарамсыз болып есептеледі.
- 21.9. Дауыстарды есептеп шығарған кезде дауыс беруге болатын нұсқалардың біреуі ғана белгіленген және бюллетенде анықталған дауыс беру тәртібін акционер сақтаған мәселелер бойынша дауыстар есепке алынады.
- 21.10. Егер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселе бар болса, онда сырттай дауыс беруге арналған бюллетенде жеке кандидаттар үшін берілген дауыстардың санын көрсетуге арналған бағандар болуы тиіс.
- 21.11. Егер акционерлердің жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізген кезде барлық акционерлерден лайықты түрде толтырылған бюллетендер дауыстарды есептеуге белгіленген күннен бұрын келіп түссе, онда дауыстарды белгіленген күннен ертерек есептеп шығаруға рұқсат етіледі және бұл жөнінде дауыс беру қорытындысы жөніндегі хаттамада көрсетіледі.
- 21.12. Егер бұрында сырттай дауыс беруге арналған бюллетенін жіберген акционер аралас дауыс беру қолданылатын акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге келген болса, онда

оның бюллетені акционерлердің жалпы жиналысының кворумын анықтау және күн тәртібіндегі мәселелер бойынша берілген дауыстарды есептеу кезінде есепке алынбайды.

22. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНДА ДАУЫС БЕРУ

22.1. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру төмендегі жағдайларды қоспағанда, «бір акция – бір дауыс» принципі бойынша жүзеге асырылады:

22.1.1. Қазақстан Республикасының заңнамасында алдын ала қарастырылған жағдайларда бір акционерге ұсынылатын акциялар бойынша берілетін ең көп дауыс санын шектеуді;

22.1.2. директорлар кеңесінің мүшелерін сайлаған кезде жиынтықты дауыс беруді;

22.1.3. акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге құқығы бар әрбір адамға акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің процедуралық мәселелері бойынша бір дауыс ұсынуды.

22.2. Жиынтықты дауыс берген кезде акционер акциялар бойынша ұсынылатын дауыстарды директорлар кеңесінің мүшесіне ұсынылған бір кандидат үшін толық немесе директорлар кеңесінің мүшесіне ұсынылған бірнеше кандидаттар үшін бөліп бере алады. Ең көп дауыс берілген кандидаттар директорлар кеңесіне сайланған болып танылады.

22.3. Егер жүздесу тәртібімен жүргізілетін акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құпия тәсілмен жүзеге асырылатын болса, онда мұндай дауыс беруге арналған бюллетендер (осы бапта бұдан әрі - жүздесу тәртібімен жүргізілетін жиналыста құпия дауыс беруге арналған бюллетендер) құпия дауыс берілетін әрбір жеке мәселе бойынша құрастырылуы тиіс. Бұл жағдайда жүздесу тәртібімен жүргізілетін жиналыста құпия дауыс беруге арналған бюллетенде мыналар болуы тиіс:

22.3.1. мәселенің тұжырымдамасы немесе жиналыстың күн тәртібіндегі оның реттік нөмірі;

22.3.2. «қолдайды», «қарсы», «қалыс қалады» деген сөздер көрсетілген, мәселе бойынша дауыс беру нұсқалары немесе қоғамның органдарына ұсынылатын әрбір кандидат бойынша дауыс беру нұсқалары;

22.3.3. акционерге тиесілі дауыстардың саны.

22.4. Заңға сәйкес өзіне тиесілі акцияларды сатып алуды қоғамнан талап ету мақсатын қоса алғанда, бюллетенге қол қоюға өзі тілек білдірген жағдайды қоспағанда, жүздесу тәртібімен жүргізілетін жиналыста құпия дауыс беруге арналған бюллетенге акционер қол қоймайды.

22.5. Жүздесу тәртібімен жүргізілетін жиналыста құпия дауыс беруге арналған бюллетендер бойынша дауыстарды есептеген кезде бюллетенде анықталған дауыс беру тәртібін дауыс беруші сақтаған және дауыс беруге болатын нұсқалардың біреуі ғана белгіленген мәселелер бойынша дауыстар есепке алынады.

23. ДАУЫС БЕРУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ЖӨНІНДЕГІ ХАТТАМА

23.1. Есеп комиссиясы дауыс беру қорытындысы бойынша хаттама құрастырып, оған қол қояды.

23.2. Дауыс беруге ұсынылған мәселе бойынша акционердің ерекше пікірі болған кезде қоғамның есеп комиссиясы хаттамаға тиісті жазба енгізуге міндетті.

23.3. Жүздесу тәртібімен жүргізілетін жиналыста құпия дауыс беруге немесе сырттай дауыс беруге арналып толтырылған бюллетендер (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетендер) негізінде дауыс беру қорытындысы бойынша хаттама құрастырылып, оған қол қойылған соң, мұндай бюллетендер хаттамаға қосып тігіледі және қоғамда сақталады.

23.4. Дауыс беру қорытындысы жөніндегі хаттама акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына қоса тіркелуі тиіс.

23.5. Дауыс беру қорытындысы дауыс беру жүргізілген акционерлердің жалпы жиналысында жарияланады.

23.6. Акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беру қорытындысы немесе сырттай дауыс беру нәтижесі оларды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы немесе акционерлердің жалпы жиналысы жабылған соң он бес күнтізбелік күн ішінде әрбір акционерге жазбаша хабарландыру хат жіберу арқылы акционерлерге хабарланады.

23.7. Дауыс беру қорытындысы туралы акционерлерге хабарлау тәртібі қоғамның жарғысында белгіленеді.

24. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

24.1. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылған соң үш жұмыс күні ішінде құрастырылып, оған қол қойылуы тиіс.

24.2. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында мыналар көрсетіледі: 24.2.1. қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;

24.2.2. акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күн, уақыт және орын;

24.2.3. акционерлердің жалпы жиналысына ұсынылған қоғамның дауыс беретін акцияларының саны туралы мәлімет;

24.2.4. акционерлердің жалпы жиналысының кворумы;

24.2.5. акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;

24.2.6. акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру тәртібі;

24.2.7. акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төралқасы) және хатшысы;

24.2.8. акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан тұлғалардың сөйлеген сөздері;

24.2.9. дауыс беруге ұсынылған акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша акционерлердің берген жалпы дауыс саны ;

24.2.10. дауыс беруге ұсынылған мәселелер және сол мәселелер бойынша дауыс беру қорытындысы;

24.2.11. акционерлердің жалпы жиналысында қабылданған шешімдер.

24.3. Жалпы жиналыста қоғамның директорлар кеңесін сайлау (директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы мәселе қарастырылған жағдайда жалпы жиналыстың хаттамасында директорлар кеңесінің сайланған мүшесі қандай акционердің өкілі екені және (немесе) директорлар кеңесіне сайланған мүшелердің қайсысы тәуелсіз директор болып табылатыны көрсетіледі.

24.4. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына мыналар қол қоюы тиіс:

24.4.1. акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төрағалық мүшелері) және хатшысы;

24.4.2. есеп комиссиясының мүшелері;

24.4.3. қоғамның дауыс беретін акцияларының он немесе одан да көп пайызына иелік ететін және акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан акционерлер.

24.5. Қол қоюға міндетті тұлғаның хаттамаға қол қоюы мүмкін емес жағдайда, хаттамаға өзіне берілген сенімхат негізінде оның өкілі не Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе шартқа сәйкес акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүдделерін білдіруге құқығы бар тұлға қол қояды.

24.6. Осы баптың 24.4.-пунктінде көрсетілген тұлғалардың бірі хаттаманың мазмұнымен келіспеген жағдайда, ол тұлға қол қоядан бас тартуы себебі көрсетілген жазбаша түсіндірме ұсына отырып, хаттамаға қол қоядан бас тартуға құқылы және мұндай түсіндірме хаттамаға қоса тіркелуі тиіс.

24.7. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру нәтижесі туралы хаттамамен, жалпы жиналысқа қатысу және онда дауыс беру, сондай-ақ хаттамаға қол қою құқығына берілген сенімхаттармен және хаттамаға қол қоядан бас тарту себептері көрсетілген жазбаша түсіндірмелермен бірге тігіледі. Көрсетілген құжаттарды атқарушы орган сақтауы тиіс және олар кез-келген уақытта танысу үшін акционерлерге ұсынылуы тиіс. Акционердің талабы бойынша оған акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы беріледі.

25. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

- 25.1. Заң және осы Жарғы арқылы акционерлер жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, қоғамның қызметін жалпы басқаруды қоғамның директорлар кеңесі жүзеге асырады.
- 25.2. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:
- 25.2.1. Қазақстан Республкасының заңнамалық актілерінде алдын ала қарастырылған жағдайларда қоғам қызметінің басым бағыттары мен қоғамды дамыту стратегиясын анықтау немесе қоғамды дамыту жоспарын бекіту;
 - 25.2.2. акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналыстарын шақыру жөнінде шешім қабылдау;
 - 25.2.3. жарияланған акциялар саны шегінде акцияларды орналастыру (сату) туралы, оның ішінде орналастырылатын (сатылатын) акциялар саны, оларды орналастыру (сату) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
 - 25.2.4. қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа ағалы қағаздарды сатып алуы және оларды стап алу бағасы туралы шешім қабылдау;
 - 25.2.5. қоғамның жылдық қаржылық есеп беруін алдын ала бекіту;
 - 25.2.6. директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;
 - 25.2.7. қоғамның облигациялары мен туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын анықтау, сондай-ақ оларды шығару жөнінде шешімдер қабылдау;
 - 25.2.8. Президенттың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
 - 25.2.9. Президенттың лауазымдық жалақысы мөлшерін, еңбегіне ақы төлеу шарттарын және сыйақы төлеу шарттарын анықтау;
 - 25.2.10. ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысын және мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу және сыйлықақы төлеу мөлшері мен шарттарын анықтау;
 - 25.2.11. корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін анықтау, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ оның лауазымдық жалақысы мөлшерін және корпоративтік хатшыға сыйақы төлеу шарттарын анықтайды;
 - 25.2.12. қаржы есеп-кісабына аудит жүргізгені үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміленің мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушы қызметіне төленетін ақының мөлшерін анықтау;
 - 25.2.13. қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында Президент қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде аукциондар өткізу және қоғамның бағалы қағаздарына жазылу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжаттарды бекіту ;
 - 25.2.14. қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
 - 25.2.15. басқа заңды тұлғалар акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) қоғамның сатып алуы (иеліктен шығаруы) туралы шешім қабылдау;
 - 25.2.16. акцияларының он және одан да көп пайызы (жарғылық капиталға қатысу үлестері) қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің жалпы жиналысының (оған қатысушылардың) құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
 - 25.2.17. қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталының он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға арттыру;
 - 25.2.18. қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қоғам немес оның қызметі туралы ақпаратты анықтау;

25.2.19. ірі мәмілелер және жасалауына қоғамның мүдделілігі бар мәмілелер жасау туралы шешімдер қабылдау.

25.2.20. акционерлік қоғамдар туралы Заңда және қоғамның жарғысында алдын ала қарастырылған, акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

25.3. Тізімі осы жарғының 25.2.-пунктінде белгіленген мәселелер Президентке шешуге тапсырылмайды.

25.4. Директорлар кеңесі қоғамның жарғысына сәйкес оның Президенттың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқысыз.

25.5. Директорлар кеңесі мыналарды орындауға тиіс:

25.5.1. қоғамның мүлкін заңсыз қолдануды және мүдделілік бар мәмілелерді жасаған кезде теріс пайдалануды қоса алғанда лауазымды тұлғалар мен акционерлер деңгейінде болуы ықтимал қаттығыстарды бақылауды және оларды мүмкіндігінше жоюды;

25.5.2. қоғамдағы корпоративтік практиканың тиімділігін бақылауды жүзеге асыруды.

26. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ

26.1. Тек қана жеке тұлға директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.

26.2. Директорлар кеңесінің мүшесі Заңға және (немесе) қоғамның жарғысына сәйкес өзіне жүктелген функцияларды атқаруды өзге тұлғаларға тапсыра алмайды.

26.3. Директорлар кеңесінің мүшелері мыналардан сайланады:

26.3.1. жеке тұлғалар-акционерлерден;

26.3.2. акционерлердің өкілі ретінде директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылған тұлғалардан;

26.3.3. қоғамның акционері болып табылмайтын және акционердің өкілі ретінде директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылмаған жеке тұлғалардан.

26.4. Директорлар кеңесіне бір орынға бір кандидат дауысқа салынатын жағдайды қоспағанда, директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауды акционерлер дауыс беруге арналған бюллетендерді қолдана отырып жиынтықты дауыс беру арқылы жүзеге асырады. Жиынтықты дауыс беру бюллетенінде мынадай бағандар болуы тиіс:

26.4.1. директорлар кеңесінің мүшелеріне кандидаттар тізімі;

26.4.2. акционерге тиесілі дауыстар саны;

26.4.3. директорлар кеңесінің мүшелеріне кандидатқа бір акционердің берген дауыстарының саны.

26.5. Жиынтықты дауыс беруге арналған бюллетенге «қарсы», «қалыс қалады» деген дауыс беру нұсқаларын енгізуге тыйым салынады.

26.6. Акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша бір кандидат үшін дауыстарын толық беруге немесе оларды директорлар кеңесінің мүшелеріне кандидат бірнеше тұлғаға бөліп беруге құқылы. Ең көп дауыс жинаған кандидаттар директорлар кеңесіне сайланған болып есептеледі. Егер директорлар кеңесінің мүшелеріне кандидат екі немесе одан да көп тұлға бірдей дауыс жинаған болса, онда акционерлерге бірдей дауыс жинаған кандидаттар көрсетілген, жиынтықты дауыс беру бюллетендерін ұсыну арқылы бұл кандидаттарға қатысты қосымша жиынтықты дауыс беру жүргізіледі.

26.7. Атқарушы органның басшысынан басқа мүшелері директорлар кеңесіне сайлануы мүмкін емес. Атқарушы органның басшысы директорлар кеңесінің басшысы болып сайлануы мүмкін емес.

26.8. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны үш адамнан кем болмауы тиіс. Қоғамның директорлар кеңесі құрамының отыздан кем емес пайызы тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

26.9. Директорлар кеңесінің мүшелеріне сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасында және қоғамның жарғысында белгіленеді.

27. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ӨКІЛЕТТІК МЕРЗІМІ

27.1. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасы мен қоғамның жарғысында өзгеше қарастырылмаған болса, директорлар кеңесінің мүшелеріне сайланған тұлғалар шектелмеген ретпен қайтадан сайлана алады.

27.2. Директорлар кеңесінің өкілеттігі акционерлердің жалпы жиналысында белгіленеді.

27.3. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі жаңа директорлар кеңесін сайлау жүргізілетін акционерлердің жалпы жиналысын өткізу мезетінде аяқталады.

27.4. Акционерлердің жалпы жиналысы директорлар кеңесінің барлық немесе жеке мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

27.5. Оның бастамасы бойынша директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату директорлар кеңесіне жазбаша хабарлама беру негізінде жүзеге асырылады.

27.6. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі көрсетілген хабарламаны директорлар кеңесі алған сәттен бастап тоқтатылады.

27.7. Директорлар кеңесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған жиынтықты дауыс беру арқылы жүзеге асырылады және бұл кезде директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі жалпы директорлар кеңесінің өкілеттігімен бірге өтеді.

28. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ

28.1. Егер қоғамның жарғысында басқаша қарастырылмаған болса, директорлар кеңесінің төрағасы жасырын дауыс беру арқылы директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен оның мүшелерінен сайланады.

28.2. Егер қоғамның жарғысында басқаша қарастырылмаған болса, директорлар кеңесінің кез-келген уақытта төрағаны қайта сайлауға құқығы бар.

28.3. Директорлар кеңесінің төрағасы директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын жүргізеді, сондай-ақ қоғамның жарғысында анықталған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

28.4. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын директорлар кеңесінің шешімі бойынша директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүргізеді.

29. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫН ШАҚЫРУ

29.1. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе атқарушы органының бастамасы бойынша не мыналардың талабы бойынша шақырылуы мүмкін:

29.1.1. директорлар кеңесінің кез-келген мүшесінің;

29.1.2. қоғамның ішкі аудит қызметінің;

29.1.3. қоғамның аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымның;

29.1.4. ірі акционердің.

29.2. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру талабы директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі көрсетілген тиісті жазбаша хабарды жіберу арқылы директорлар кеңесінің төрағасына қойылады.

29.3. Отырысты шақырудан директорлар кеңесінің төрағасы бас тартқан жағдайда, бастамашы көрсетілген тадаппен атқарушы органға баруға құқылы және ол орган директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

- 29.4. Егер қоғамның жарғысында өзге мерзім белгіленбеген болса, отырысты шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап он күнтізбелік күннен кеш емес уақытта директорлар кеңесінің отырысын директорлар кеңесінің төрағасы немесе атқарушы орган шақыруы тиіс.
- 29.5. Директорлар кеңесінің отырысы көрсетілген талапты қойған тұлғаны міндетті түрде шақыру арқылы жүргізіледі.
- 29.6. Директорлар кеңесінің мүшелеріне директорлар кеңесінің отырысы жүргізілетін туралы хабарландыру жіберу тәртібін директорлар кеңесі анықтайды, «алтын акцияның» иесіне хабарландыру жіберу тәртібі – қоғамның жарғысында анықталады.
- 29.7. Егер қоғамның жарғысында өзге мерзім анықталмаған болса, отырыс өткізілетін күнге дейін жеті күнтізбелік күннен кеш емес мерзімде директорлар кеңесінің мүшелеріне күн тәртібіндегі мәселеле бойынша материалдар ұсынылады.
- 29.8. Ірі мәміле және (немесе) жүргізуге мүдделілік бар мәмілені жасау жөнінде шешім қабылдау туралы мәселе қарастырылатын жағдайда, мәміле туралы ақпаратта мәміле жасасатын тараптар, мәмілені орындау мерзімі мен шарттары, тартылған тұлғалардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемі туралы мәлімет, сондай-ақ бағалаушының есебі болуы тиіс.
- 29.9. Директорлар кеңесінің мүшесі директорлар кеңесінің отырысына қатысуға мүмкіндігі жоқ екендігі туралы атқарушы органға алды ала хабарлауға міндетті.

30. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫ

- 30.1. Директорлар кеңесінің отырысын өткізуге арналған кворум қоғамның жарғысында анықталады және ол директорлар кеңесінің мүшелері санының жартысынан кем болмауы тиіс. Көпшілік компанияның директорлар кеңесінің отырысында тәуелсіз директорлардың жалпы санының жартысынан кем емес тәуелсіз директорлар міндетті түрде ұсынылуы тиіс.
- 30.2. Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны жарғыда анықталған кворумға қол жеткізуге жеткіліксіз болса, директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін директорлар кеңесі акционерлердің кезектен тыс жиналысын шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері тек қана мұндай акционерлердің кезектен тыс жиналысын шақыру туралы шешім қабылдауға құқылы.
- 30.3. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауыс бере алады. Егер Заңда өзгеше қарастырылмаған болса, директорлар кеңесінің шешімдері отырысқа қатысушы директорлар кеңесінің мүшелері даусының әдеттегі көпшілік дауыс қоспағанда келесі қабылдайды:
- 30.3.1 Ауысым және елбасының тағайындауы;
 - 30.3.2 Қоғам мүлікті шеттету;
 - 30.3.3 Қарыздарды қоғаммен тарту;
 - 30.3.4 Қоғам мүлік ауыртпалық;
 - 30.3.5 Бекіту кварталдық және жылдық өндірістік бағдарлама;
 - 30.3.6 Асатын 7, 500, 000 теңгелерге қосындысына мәмілелерін бекіту. Атап өтілген 30.3.1-30.3.6-шы тармақтардағы сұрақтарына арналған шешім бірауыздан қабылдайды.
- 30.4. Директорлар кеңесі өзінің жабық отырысын жүргізу туралы шешім қабылдауға құқылы және оған тек қана директорлар кеңесі мүшелері қатыса алады.
- 30.5. Қоғамның жарғысында және (немесе) қоғамның ішкі құжаттарында директорлар кеңесінде қарастырылуға ұсынылған мәселелер бойынша шешімдерді сырттай дауыс беру арқылы директорлар кеңесінің қабылдау мүмкіндігі және мұндай шешімдер қабылдау тәртібі алдын ала қарастырылуы мүмкін.
- 30.6. Белгіленген мерзімде келіп түскен бюллетендерде кворум болған жағдайда сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылданған болып танылады.
- 30.7. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделген және оған директорлар кеңесінің төрағасы мен хатшысының қолы қойылған болуы тиіс.

- 29.4. Егер қоғамның жарғысында өзге мерзім белгіленбеген болса, отырысты шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап он күнтізбелік күннен кеш емес уақытта директорлар кеңесінің отырысын директорлар кеңесінің төрағасы немесе атқарушы орган шақыруы тиіс.
- 29.5. Директорлар кеңесінің отырысы көрсетілген талапты қойған тұлғаны міндетті түрде шақыру арқылы жүргізіледі.
- 29.6. Директорлар кеңесінің мүшелеріне директорлар кеңесінің отырысы жүргізілетін туралы хабарландыру жіберу тәртібін директорлар кеңесі анықтайды, «алтын акцияның» иесіне хабарландыру жіберу тәртібі – қоғамның жарғысында анықталады.
- 29.7. Егер қоғамның жарғысында өзге мерзім анықталмаған болса, отырыс өткізілетін күнге дейін жеті күнтізбелік күннен кеш емес мерзімде директорлар кеңесінің мүшелеріне күн тәртібіндегі мәселеле бойынша материалдар ұсынылады.
- 29.8. Ірі мәміле және (немесе) жүргізуге мүдделілік бар мәмілені жасау жөнінде шешім қабылдау туралы мәселе қарастырылатын жағдайда, мәміле туралы ақпаратта мәміле жасасатын тараптар, мәмілені орындау мерзімі мен шарттары, тартылған тұлғалардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемі туралы мәлімет, сондай-ақ бағалаушының есебі болуы тиіс.
- 29.9. Директорлар кеңесінің мүшесі директорлар кеңесінің отырысына қатысуға мүмкіндігі жок екендігі туралы атқарушы органға алды ала хабарлауға міндетті.

30. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫ

- 30.1. Директорлар кеңесінің отырысын өткізуге арналған кворум қоғамның жарғысында анықталады және ол директорлар кеңесінің мүшелері санының жартысынан кем болмауы тиіс. Көпшілік компанияның директорлар кеңесінің отырысында тәуелсіз директорлардың жалпы санының жартысынан кем емес тәуелсіз директорлар міндетті түрде ұсынылуы тиіс.
- 30.2. Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны жарғыда анықталған кворумға қол жеткізуге жеткіліксіз болса, директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін директорлар кеңесі акционерлердің кезектен тыс жиналысын шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері тек қана мұндай акционерлердің кезектен тыс жиналысын шақыру туралы шешім қабылдауға құқылы.
- 30.3. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауыс бере алады. Егер Заңда өзгеше қарастырылмаған болса, директорлар кеңесінің шешімдері отырысқа қатысушы директорлар кеңесінің мүшелері даусының әдеттегі көпшілік дауыс қоспағанда келесі қабылдайды:
- 30.3.1 Ауысым және елбасының тағайындауы;
- 30.3.2 Қоғам мүлікті шеттету;
- 30.3.3 Қарыздарды қоғаммен тарту;
- 30.3.4 Қоғам мүлік ауыртпалық;
- 30.3.5 Бекіту кварталдық және жылдық өндірістік бағдарлама;
- 30.3.6 Асатын 7, 500, 000 тенгелерге қосындысына мәмілелерін бекіту. Атап өтілген 30.3.1-30.3.6-шы тармақтардағы сұрақтарына арналған шешім бірауыздан қабылдайды.
- 30.4. Директорлар кеңесі өзінің жабық отырысын жүргізу туралы шешім қабылдауға құқылы және оған тек қана директорлар кеңесі мүшелері қатыса алады.
- 30.5. Қоғамның жарғысында және (немесе) қоғамның ішкі құжаттарында директорлар кеңесінде қарастырылуға ұсынылған мәселелер бойынша шешімдерді сырттай дауыс беру арқылы директорлар кеңесінің қабылдау мүмкіндігі және мұндай шешімдер қабылдау тәртібі алдын ала қарастырылуы мүмкін.
- 30.6. Белгіленген мерзімде келіп түскен бюллетендерде кворум болған жағдайда сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылданған болып танылады.
- 30.7. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделген және оған директорлар кеңесінің төрағасы мен хатшысының қолы қойылған болуы тиіс.

- 30.8. Шешімді ресімдеген күннен бастап жиырма күн ішінде ол директорлар кеңесінің мүшелеріне шешім қабылдауға негіз болған бюллетендердің көшірмелерімен қоса жіберіледі.
- 30.9. Жүздес тәртібімен өткізілген отырыста қабылданған директорлар кеңесінің шешімдері хаттама арқылы ресімделуі тиіс. Ол хаттаманы отырыс өткізілген күннен бастап үш күн ішінде отырысқа төрағалық еткен тұлға мен директорлар кеңесінің хатшысы құрыстырып, қолдарын қоюы тиіс және онда мыналар көрсетілуі тиіс:
- 30.9.1. қоғамның атқарушы органының толық атауы мен орналасқа жері;
 - 30.9.2. отырыс өткізілген күн, уақыт және орын;
 - 30.9.3. отырысқа қатысқан тұлғалар туралы мәлімет;
 - 30.9.4. отырыстың күн тәртібі;
 - 30.9.5. дауыс беруге ұсынылған мәселелер және директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша директорлар кеңесінің әр мүшесінің берген даусының қорытындысы көрсетілген дауыс беру құрытындысы;
 - 30.9.6. қабылданған шешімдер;
 - 30.9.7. директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәлімет.
- 30.10. Директорлар кеңесі отырысының хаттамалары мен сырттай дауыс беру арқылы қабылданған директорлар кеңесінің шешімдері қоғамда сақталады.
- 30.11. Директорлар кеңесі мүшесінің талабы бойынша директорлар кеңесінің хатшысы оған директорлар кеңесі отырысының хаттамасы мен сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін ұсынуға және оған қоғамның өкілетті қызметкерінің қойған қолы мен қоғамның мөрін басу арқылы куәландырылған шешімдерді және хаттамалардың үзінді көшірмелерін беруге міндетті.
- 30.12. Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Заңда және осы жарғыда белгіленген тәртіпті бұза отырып қоғамның директорлар кеңесінде қабылданған шешімге қарсы дауыс берген қоғамның директорлар кеңесінің мүшесі ол шешімді сот тәртібімен даулауға құқылы.
- 30.13. Егер қоғамның директорлар кеңесінің шешімі арқылы қоғамның және (немесе) акционердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған болса, онда акционер Заңның және осы жарғының талаптарын бұза отырып қабылданған мұндай шешімді сотта даулауға құқылы.
31. АТҚАРУШЫ ОРГАН
- 31.1. Ағымдағы қызметті басқаруды Президентпен жүзеге асырады.
 - 31.2. Президент өзге де заңнамалық актілері және қоғамның жарғысы арқылы қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған қоғам қызметінің кез-келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқығы бар.
 - 31.3. Президент акционерлердің жалпы отырысы мен директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.
 - 31.4. Егер мәміле жасасқан сәтте тараптар қоғамның белгілеген шектеулері бар екендігін білгені дәлелденген жағдайда, қоғам Президент сол шектеулерді бұза отырып жасаған мәмілесінің жарамдығын даулауға құқылы.
 - 31.5. Президент басқа заңды тұлғаның атқарушы органы басшысының не атқарушы органның функцияларын жекеше жүзеге асыратын тұлғаның лауазымын иеленуге құқысыз.
 - 31.6. Президенттің функциялары, құқықтары және міндеттері қоғамның жарғысында, сондай-ақ көрсетілген тұлғаның қоғаммен жасасқан еңбек шартында анықталады. Қоғамның атынан Президент басшысымен жасалған еңбек шартына директорлар кеңесінің төрағасы немесе жалпы жиналыста немесе директорлар кеңесінде уәкіл етілген тұлға қол қояды.
 - 31.7. Президенттің:

- 31.7.1. акционерлердің жалпы жиналысы мен директорлар кеңесі шешімдернің орындалуын ұйымдастырады;
- 31.7.2. үшінші тұлғалармен қатынаста қоғамның атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 31.7.3. үшінші тұлғалармен жасалатын қатынаста қоғамды ұсыну құқығына сенімхаттар береді;
- 31.7.4. қоғамның қызметкерлерін жұмысқа қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шаралары мен тәртіптік жазаларын қолданады, қоғамның штат кестесіне сәйкес қоғам қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларының және оларға дербес үстеме ақылардың мөлшерін белгілейді, сондай-ақ атқарушы орган мен қоғамның ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, қоғам қызметкерлеріне берілетін сыйлық ақы мөлшерін анықтайды.
- 31.7.5. өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін атқаруды атқарушы орган мүшелерінің біріне жүктейді;
- 31.7.6. атқарушы орган мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттік саласы мен жауапкершілікті бөліп береді;
- 31.7.7. қоғам жарғысында және акционерлердің жалпы жиналысы мен директорлар кеңесінің шешімдерінде белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

32. ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

- 32.1. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыру үшін ішкі аудит қызметі құрылуы мүмкін.
- 32.2. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері директорлар кеңесінің және атқарушы органның құрамына сайлана алмайды.
- 32.3. Ішкі аудит қызметі тікелей директорлар кеңесіне бағынады және оның алдында өзінің жұмысы туралы есеп береді.

33. ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖӘНЕ ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРЫНЫҢ ӨЗДЕРІНІҢ ҚОСЫЛМА ТҰЛҒАЛАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ БЕРУ ТӘРТІБІ

- 33.1. Қоғамның қосылма тұлғалары туралы мәлімет қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпарат болып табылмайды.
- 33.2. Қоғам өзінің қосылма тұлғаларының есебін осы тұлғалар немесе қоғамның тіркеушісі беретін мәліметтер негізінде (уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ірі акционер болып табылатын тұлғаларға қатысты ғана) жүргізеді.
- 33.3. Қоғамның қосылма тұлғалары болып табылатын акционерлері мен лауазымды тұлғалары қосылу туындаған күннен бастап жеті күн ішінде өзінің қосылма тұлғалары туралы мәліметті қоғамға табыс етуге міндетті.
- 33.4. Қоғам өзінің қосылма тұлғаларының тізімін уәкілетті органға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен табыс етуге міндетті.

34. ҚОҒАМНЫҢ АҚПАРАТТЫ АШУЫ

- 34.1. Қоғам өз қызметі туралы ақпаратты «Қазақстанская правда» және/немесе «Егемен Қазақстан» газеттерінің беттеріне шығару арқылы өзінің акционерлеріне мәлімдеуге міндетті.
- 34.2. Қоғам өзінің акционерлері мен инвесторларға қоғамның мынадай корпоративтік оқиғалары туралы ақпаратты мәлімдеуге міндетті:
 - 34.2.1. қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес ақпараты акционерлер мен инвесторларға мәлімделуі тиіс мәселелердің тізімі бойынша акционерлердің жалпы жиналысы мен директорлар кеңесінде қабылданған шешімдер;
 - 34.2.2. қоғамның акциялар мен басқадай бағалы қағаздар шығаруы, уәкілетті органның қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру қорытындысы туралы есеп берулер мен қоғамның бағалы қағаздарын

өтеу қорытындысы туралы есеп берулерді бекітуі, сондай-ақ қоғамның бағалы қағаздарының күшін уәкілетті органның жоюы;

- 34.2.3. қоғамның ірі мәмілелер мен жасалуына қоғамның мүдделілігі бар мәмілелерді жасауы;
- 34.2.4. аталмыш қоғамның активтерінің бес және одан да көп пайызын құрайтын сомаға қоғамның мүлкін кепілдікке табыстау (кепілдікке қайтадан табыстау);
- 34.2.5. қоғамның меншікті капиталы көлемінің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын мөлшерде қоғамның қарыз алуы;
- 34.2.6. қызметтің қандай болмасын түрлерін жүзеге асыруға қоғамның лицензиялар алуы, қызметтің қандай болмасын түрлерін жүзеге асыруға қоғамның бұрында алған лицензияларының қолданылу күшін тоқтата тұру немесе тоқтату;
- 34.2.7. заңды тұлғаны құруға қоғамның қатысуы;
- 34.2.8. қоғамның мүлкіне тыйым салу;
- 34.2.9. төтенше сипатты жағдайлардың пайда болуы және нәтижесінде теңгерімдік құны қоғамның активтерінің жалпы көлемінің он және одан да көп пайызын құраған қоғам мүлкінің жойылғандығы;
- 34.2.10. қоғамды және оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тарту;
- 34.2.11. корпоративтік дау бойынша сотта іс қозғау;
- 34.2.12. қоғамды мәжбүрлі түрде қайта құру туралы шешімдер;
- 34.2.13. қоғамның жарғысына, сондай-ақ қоғамның бағалы қағаздарын шығару анықтамалығына сәйкес қоғамның акционерлері мен инвесторлардың мүдделілігін қозғайтын өзге де оқиғалар.

34.3. Корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат ұсыну Заңға және қоғамның осы жарғысына сәйкес жүзеге асырылады. Бұл ақпарат ол пайда болған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жарияланады (акционерлерге мәлімделеді).

34.4. Корпоративтік дау бойынша сотта іс қозғау туралы ақпарат корпоративтік дау бойынша азаматтық іс жөніндегі сот хабарламасын қоғам алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде акционерлерге ұсынылуы тиіс.

35.4. Қоғам қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты білетін қоғам қызметкерлерінің тізімін міндетті түрде жасауды қамтамасыз етеді.

35. ҚОҒАМДЫ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

35.1. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі бойынша не Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша қайта ұйымдастырылуы және таратылуы мүмкін.


35.2. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі Заң және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік актілері арқылы реттеледі.

36. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

36.1. Қоғам осы Жарғымен реттелмеген барлық мәселелерде Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін басшылыққа алады.

36.2. Осы Жарғы заңнамада белгіленген тәртіппен оны мемлекеттік тіркеген күннен бастап күшіне енеді.

Оспанов Валерий Мукашевич, АО «БАСТ» Президенті



Республика Казахстан, город Алматы,
Девятнадцатое августа две тысячи пятнадцатого года.

Я, Алимкулова Бибигуль Абеновна, нотариус города Алматы, действующая на основании государственной лицензии № 0000188 от 10 августа 1998 года, выданной Министерством юстиции Республики Казахстан, свидетельствую подлинность подписи гр. **Оспанова Валерия Мукашевича**, 26.01.1956 года рождения, место рождения Карагандинская область, ИИН:560126301237, которая сделана в моем присутствии. Личность подписавшего документ установлена, дееспособность проверена.

Зарегистрировано в реестре за № 1-10-4080
Сумма, оплаченная частному нотариусу-2180 тенге,
Из них за услуги правового и технического характера- 1982 тенге.

Нотариус



[Handwritten signature in blue ink]



Прочитано и проштучено
на 2
сероке, мети
145 стр.
нотариус

[Handwritten signature in blue ink]